

Дауыс беруге арналған бюллетень

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

Референдум

Бюллетень для голосования

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

Хабарлама

«RG Gold» ЖШС «Ақмола облысындағы Солтүстік және Оңтүстік Райгородок кен орнының құрамында алтыны бар кендерді өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» «RG Gold» ЖШС жоспарланған қызметтің ықтимал әсерлері туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілуі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 ж. 14 сәуір күні өтеді:

- сағат 10:00-де Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успенюрьев а.о., Николаевка ауылы, Куница көшесі 21, Кеңес Одағының Батыры А.С. Куница атындағы жалпы білім беретін мектеп мекенжайы бойынша өтеді;

- сағат 14:00-де Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Еркөл а.о., Гордеевка ауылы, Центральная көшесі, 24, Гордеевка ауылының негізгі орта мектебі мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Райгородок ауылында тыңдаулар өткізуге жағдай болмағандықтан, оның тұрғындары үшін Николаевка ауылында өтетін орынға дейін көлік ұйымдастырылатын болады.

Бейнеконференция арқылы онлайн қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/4092784172?pwd=ZvorBGgAR4OkcPLvknWfmDmbQuScup.1&omn=84819685540>

Конференция идентификаторы: 409 278 4172

Құпия сөз: 140426

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «RG Gold» ЖШС, БСН 130740005369, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, № 80 үй, тел: 8 (71636) 2-13-19.

Әсер ету аумағы:

- Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успенюрьев а.о., Райгородок, Николаевка ауылдары;

- Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Еркөл а.о., Гордеевка ауылы.

Кен орнының географиялық координаттары - 52°29' солт.е. және 69°42' шығ.б.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЕКО AIR» ЖШС, БСН 050940002909, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Беспалов көшесі, 51а, тел: 8 708 206 79 84.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкінде - «Жария тыңдаулар» бөлімінде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін байланыс деректері: эл. почта: info@ecoair.kz, тел: 8 708 206 79 84.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық почта бойынша қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>, upr.expertiza@mail.ru.

Объявление

ТОО «RG Gold» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Отчет о возможных воздействиях намечаемой деятельности к «Плану горных работ по добыче золотосодержащих руд месторождения Северный и Южный Райгородок в Акмолинской области» ТОО «RG Gold».

Общественные слушания пройдут 14 апреля 2026 года

- в 10:00 по адресу: Акмолинская область, Бурабайский район, Успенюрьевский с.о., с.Николаевка, улица Куницы, 21, Образовательная школа им. Героя Советского Союза А.С. Куницы;

- в 14:00 по адресу: Акмолинская область, Буландынский район, Ергольский с.о., с.Гордеевка, улица Центральная, 24, Основная средняя школа села Гордеевка. Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

В связи с тем, что в с. Райгородок нет условий для проведения слушаний, для их жителей будет организован транспорт до места проведения в с. Николаевка.

Для участия в общественных слушаниях онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/4092784172?pwd=ZvorBGgAR4OkcPLvknWfmDmbQuScup.1&omn=84819685540>

Идентификатор конференции: 409 278 4172

Код доступа: 140426

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «RG Gold», БИН 130740005369, Акмолинская область, Бурабайский район, Щучинская г.а., г.Щучинск, улица Мухтара Ауэзова, дом № 80. Тел: 8 (71636) 2-13-19.

Территория воздействия:

- Акмолинская область, Бурабайский район, Успенюрьевский с.о., с.Райгородок, с.Николаевка;

- Акмолинская область, Буландынский район, Ергольский с.о., с.Гордеевка.

Географические координаты месторождения - 52°29'сев.ш. и 69°42'вост.д.

Разработчик проектной документации: ТОО «ЕКО AIR», БИН 050940002909, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Беспалова, 51а, тел: 8 708 206 79 84.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> в разделе «Публичные слушания», а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Контактные данные для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности: эл. адрес: info@ecoair.kz, тел: 8 708 206 79 84.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>, upr.expertiza@mail.ru.

Хабарлама

«RG Gold» ЖШС «Ақмола облысындағы Шарық және Новоднепровское кен орындарының құрамында алтын бар кендерді өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» «RG Gold» ЖШС жоспарланған қызметтің ықтимал әсерлері туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілуі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 сәуірде сағат 10:00-де Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успенюрьев а. о., Успеню-Юрьевка а., Мир көшесі, 4, Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің Успенюрьевка ауылының жалпы білім беретін мектебі мекенжайы бойынша өтеді;

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Бейнеконференция арқылы онлайн қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/4092784172?pwd=ZvorBGgAR4OkcPLvknWfmDmbQuScup.1&omn=83165184708>

Конференция идентификаторы: 409 278 4172. Құпия сөз: 140426.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «RG Gold» ЖШС, БСН 130740005369, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, № 80 үй, тел: 8 (71636) 2-13-19.

Әсер ету аумағы:

- Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успенюрьев а.о., Успенюрьевка ауылы.

Кен орнының географиялық координаттары - 52°63'солт.е. және 69°83'шығ.б.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЕКО AIR» ЖШС, БСН 050940002909, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Беспалов көшесі, 51а, тел: 8 777 411 37 28.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкінде - «Жария тыңдаулар» бөлімінде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін байланыс деректері: эл. почта: info@ecoair.kz, тел: 8 777 411 37 28.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық почта бойынша қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>, upr.expertiza@mail.ru.

Объявление

ТОО «RG Gold» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Отчет о возможных воздействиях намечаемой деятельности к «Плану горных работ по добыче золотосодержащих руд месторождения Шарык и Новоднепровское в Акмолинской области» ТОО «RG Gold».

Общественные слушания пройдут 15 апреля 2026 года в 10:00 по адресу: Акмолинская область, Бурабайский район, Успенюрьевский с.о., с.Успеню-Юрьевка, улица Мира, 4, Образовательная школа села Успенюрьевка отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области;

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Для участия в общественных слушаниях онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/4092784172?pwd=ZvorBGgAR4OkcPLvknWfmDmbQuScup.1&omn=83165184708>

Идентификатор конференции: 409 278 4172.

Код доступа: 140426

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «RG Gold», БИН 130740005369, Акмолинская область, Бурабайский район, Щучинская г.а., г.Щучинск, улица Мухтара Ауэзова, дом № 80. Тел: 8 (71636) 2-13-19.

Территория воздействия:

- Акмолинская область, Бурабайский район, Успенюрьевский с.о., с.Успеню-Юрьевка.

Географические координаты месторождения - 52°63'сев.ш. и 69°83'вост.д.

Разработчик проектной документации: ТОО «ЕКО AIR», БИН 050940002909, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Беспалова, 51а, тел: 8 777 411 37 28.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> в разделе «Публичные слушания», а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Контактные данные для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности: эл. адрес: info@ecoair.kz, тел: 8 777 411 37 28.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>, upr.expertiza@mail.ru.



Газет 1993 жылдың
қаңтарынан шыға бастады

аудандық қоғамдық-саяси газет

Регион

В Бурабайском районе ведется строительство крупной молочно-товарной фермы и завода по переработке молока

В ходе рабочей поездки в Бурабайский район аким Акмолинской области Марат Ахметжанов ознакомился с ходом строительства молочно-товарной фермы ТОО «Burabay Milk».

На месте будущей фермы на 1 440 голов КРС ведутся строительно-монтажные работы, сдача в эксплуатацию запланирована до конца 2026 года. Также в Щучинске начато строительство завода по глубокой переработке молока, который также начнет работу в этом году.

Сейчас ТОО «Burabay Milk» ведется закуп оборудования для предприятия.

«Такие масштабные проекты необходимо поддерживать. Объект даст 130 рабочих мест для населения и более 800 млн тенге налогов ежегодно», – отметил глава региона.

К слову, в 2026 году ожидается запуск двухкрупных ферм: «Burabay Milk» в Бурабайском районе и «Бастау» в Атбасарском районе. Это обеспечит дополнительные 15–18 тыс. тонн продукции в год. Параллельно в 2026 году стартует новый этап финансирования: на реализацию 5 инвестпроектов будет выделено еще 9 млрд тенге.



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

Елдік тұжырымдама

Еліміздегі саяси жаңару мен конституциялық реформаның жауапты кезеңге көтерілуі – қоғам сұранысынан туындаған талап.

Біріншіден, қалың жұртшылық мемлекеттің сапалы өзгерісіне мүдделі болды. Ол нақты іспен және дәйекті заңмен орындалары сөзсіз. Әлемдік тәжірибеде Конституциялық реформа мемлекеттік билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынас моделін трансформациялау үшін жүргізіледі. Бұл мемлекеттік институттарды, заң жүйесін жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Екіншіден, тәуелсіздіктен кейін отыз жылдан астам уақытты артқа тастаған қоғам идеологиялық бағдар мен тарихи танымда елуді үзік барын жиі айтатын. Тіпті БАҚ жүзінде, ғылыми зерттеулерде кейде ащы, кейде тұщы сын байқалатын. Саяси жаңару осыны да орайымен түзеп, сабақтастық арқауын жалғап келеді.

Үшіншіден, заңның өзіне заңдық қағидатпен қарайтын уақыт туды. Мысалы, қорғаныссызды қорғайтын адвокатура жүйесін жетілдіру, түрлі қаржылық қиындық тұсында тұрғын үй иесі құқын аяққа тапталпау, цифрлық дербес деректерге қол сұққызбау т.б. мәселені шешу де өзекті-тін. Осының бәрі Конституцияның мазмұндық мәні мен құрылымын қайта қарауды күн тәртібіне шығарды.

Ұлтқа қадірлі Шөкәрім Құдайбердіұлы заң мен елдік дәстүрді тең ұстауды «Қазақтың қазылған қара жолы» деп бағалапты. Ақын діни сауатты әрі қайраткер болғаны мәлім. Би мен билік туралы еңбегінде ол елдікті, имандылықты бекітетін жосықтар «тастай қатып қалмауың, әр заманның ыңғайына қарай лайықталуың» ескертеді.

Елдік заңға байланысты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы пікірі де айрықша. Ақан: «Зәкүн шығарушылар халықтың қағидалы қалпын, салтын, мінезін жақсы білу керек» дейді. Мұны бір деңіз. Алаш тұлғасы аса күрделі ХХ ғасыр басында ұлтты ұйыстыратын «Қазақ қағидасы» деген заңдар жинағын әзірледі ұсыныпты. «Қазақ қағидасын жинау оңай емес. Бірақ ниет болса, қолдан келерлік жұмыс. Әр жерден... бір жерге жиыла берсе, жиылып болған соң, қағида, шарият, нұсқа білетұғын адамдар бас қосып, жиылған нәрсені қарап, қолайлысын алып, қолайсызын қалдырып, ... «Қазақ қағидасы» деп шығарса», деп жазады ағартушы.

Ойлана қарасак, бүгінгі Ата заң жобасы – жоғары деңгейдегі заңдық құжат қана емес, ел тарихы мен тағдыры, қоғам парасаты мен сенімі кайнауынан шыққан жауапкершілік жүгі. Оның өзегінде «Біз Қазақстанды қай бағытта дамытпақпыз?» деген сұраққа жауап тұр. Тарихымыздың тұрлаулы негіздеріне табан тіреп, зияткер, зайырлы қалыппен мәдениет, білім, ғылым құндылықтары мен жетістіктерін басшылыққа алу, таным-

түсінікте тазалықты темірқазық ету, жалпыадамзаттық игіліктер мен жасампаз отаншылдықты өз тұту – мемлекеттік дамуымыздың стратегиялық негізі.

Қазір елдік насихат шарасының дәйексөзіне әділеттілік пен прогресс ұғымы таңдап алынды. Бұл – жанашыл қоғамды тұтастандыратын өлшем. 80-90 жылдары осы прогресті – «ілгерілеу» деп аударып жүрді. Бірақ ол бүгінгі тілге сіңе алмады. Мұны Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары қазақша қалыппен «тараки» деп жазады (мәдени, рухани т.б. сөздер секілді). Ол бізге қайдан келді? ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында Түркияны, шығыс елдерін жаңартқан «Иттихад ве теракки» (Бірлік және прогресс) атты қозғалыс болған жоқ па? Алаш баспасөзі тарихында қатталып қалған «тараки» содан келді.

Сонымен, жаңа Конституция ұлттың жоғын жоқтап, ұмытылғанды күн тәртібіне қойса, мұны – елдік іс, алғадай бастама дей аламыз.

Жұрт талқысына ұсынылып, референдумға шығарылған Ата заң жобасының басты арқауы – адам мен халық. Сіз бен біз! Жаңа замандағы Қазақстан азаматының білім-білігі, ақыл-ой, руханият жетістігін, әл-ауқатын арттыруға, өз-өзін жан-жақты қорғауға ұмтылысы.

Конституциядағы мұрат та айқын: егемендік пен тәуелсіздікті, ел мен жер тұтастығын көздің қарашығындай қорғау. Біздіңше, тілдік ұстаным да, ділдік ерекшелік те, ұлттық ұйысу да осының ішінде. Парасат алға шықса, шешілмейтін нәрсе жоқ. Ерік-жігер, адамшылық, табандылық, жауапкершілік – осының қорғаны.

Президент Қ.К.Тоқаев «Ата заң жобасында «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындала түсті» деуі де сондықтан.

Дана Шөкәрім заманында елдік жолды (біздің жағдайда Конституция) «қазақтың ескі құлақты кемегерлері мен оқымысты жастары ақылдасып жазуы керек» десе, сол аманат сәтіммен орындалып келеді.

Конституция кіріспесіндегі «мемлекеттікті нығайту» мен «Ұлы даланың мыңдаған жылғы тарихының сабақтастығын сақтаудан» бастап, «келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезінуге» дейінгі кесек ұғымдар, толықтырылған заң баптары өткен мен бүгінгі арман-ансардың үйлескенін аңғартады.

Міне, бұл – біртуар Шөкәрім мензеген тәжірибелі аға буын мен алғыр жаңа буын мүддесінің тоғысқан тұсы.

Ата заңның жанашыл нұсқасы – қоғамды ұйыстырып, ділгір сұранымына жауап беретін, халық мүддесін мемлекеттік мүдде деңгейіне көтеретін, орнықты елдік бағдарды көрсететін тұжырымдама.

Д. ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Редакцияға хат

Жүрек жарды тілегімді қабыл алыңыздар

Ауданымыздың тұрғындары осы биылғы жылы келіп жеткен қасиетті Рамазан айымен барша аудан, ауыл тұрғындарын мұсылман халқын шын жүректен құттықтаймын.

Сонымен қатар осы қасиетті айда әйелдер қауымының мерекесі де дөп келді. Иә, атам қазақтың көкірегінен қалған сан ғасыр бойы өзінің құндылығын, мәйегін жоғалтпаған сөзі бар «әйел қырық шырақты» деген. Рас әйелдің қырық жаны бар. Отбасының тұтастығын сақтап, перзентінің адам болып қалыптасуына бірінші болып аналар жауапты. Жарық дүниеге сәби әкеліп оның бар қиындығын басынан кешіріп қашан бала өзіне келгенше қолынан келгенін аямай тәлім-тәрбие беретіндіктен атам қазақ әйелді бір ауыз сөзбен «қырық шырақты» деген шығар.

Бурабай ауданының тұрғындары өсіп-өркендеп, қанатын кеңге жая берсін деген аппақ аналық тілегім бар. Мен өз басым аудан басшыларына аналық жүрегіммен, мың да бір жақсы тілегімді айтқым келеді. Себебі, мен өзім осы жерде тудым, осы жерде өмір сүріп от-басыммен түгел осы ауданда тіршіліктің ескегін есіп келеміз. Әрбір еккен тал, әрбір бой көтерген ғимарат, жөнделіп жатқан жатқан ескі ғимараттардың барлығы мені айрықша қуанышқа бөлеп, мерейімді өсіре түсіреді.

Міне Алла қаласа 85 жыл өмір сүріп келем. Бастысы елімізге тыныштық тілеймін. Айналаның бәрінде соғыс, алапат, сұмдыққа толып кетті. Бес уақыт намазымды оқығанда Жаратушы Алладан еліме тек қана тыныштық тілеймін. Жылдан-жылға Рамазан айына аман жетіп, шат-шадыман өмір сүріп жүрек берейік.

Туған жеріміз, өскен өлкеміз Бурабай ауданы гүлдене берсін. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде айтарым «Бурабай» газетіне жазылып, қолдау көрсетіп тұрайық. Өзім отыз жылдан бері осы басылымды алып оқып тұрамын. Өйткені, ауданымыздың жалғыз ұнпарағы «Бурабай» газеті.

Күлқаш ШАФАТОВА
Бурабай ауданының «Құрметті азаматы»

